

**«Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізіледі!**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығының жалпы клиникалық бөлімі болып табылады.

Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі.

Орталықтың жалпы клиникалық бөлімінің кадр қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (әрі қарай НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Орталықтың жалпы клиникалық бөлімінде ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау орталықтың 24.04.2025 жылғы №275/1 бұйрығымен бекітілді. Талдау жұмыстары 2025 жылдың қаңтар-мамыр айларын қамтиды.

Осыған орай, аталған салаға қатысты сыбайлас жемқорлық фактілері, басқа да құқық бұзушылықтар туралы нақты ақпараттарыңыз, арыз-шағымдар мен ұсыныстарыңыз болса, Қызылорда қаласы, Мүсірепов көшесі, №71 мекен-жайда орналасқан «Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК-на, opdo_kz@mail.kz электрондық поштасына жолдауға, сонымен қатар, Орталықтың 24-66-25 нөмірі арқылы хабарласуға болатындығы жеткізіледі.

Құрметті азаматтар! Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға белсенділік көрсетіп, өз үлестеріңізді қосуға шақырамыз!